

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 19 маусымдағы N 346 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қазандағы N 426 Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 19 маусымдағы N 346 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2007 ж., N 20, 227-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлыққа қосымшада:

2 - т а р м а қ т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) магистральдық газ-мұнай өнімдері құбырларының жабдықтарын, сорғы-сығымдаушы станцияларының қондырғыларын, резервуарлық парктері мен желілік бөлігін, сондай-ақ жерасты газ сақтау технологиялық жабдықтары мен скважиналарын пайдалану;"

мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) магистралдық құбыр жолдарының сорғы-сығымдаушы станциялары жабдықтарының және желілік бөліктерінің, оның ішінде су асты өткелдерінің д и а г н о с т и к а с ы ;

7) электр химиялық қорғау құралдарына тоттануға техникалық қызмет көрсету.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тұрғын үй және коммуналдық-тұрмыс объектілерін газдандыру жүйелерін п а й д а л а н у :

1) сыртқы газбен жабдықтау жүйелерін пайдалану, оларға техникалық қызмет көрсету және ұстау (газ тарату пункттері, газ тарату қондырғылары, жоғары, орташа және төмен қысымды газ тарату желілері);

2) үй ішіндегі газ желілерін, газ құралдары мен жабдығын пайдалану, оларға техникалық қызмет көрсету және ұстау."

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі өз актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

